

*А. Қ. Алибаев,
педагогика және басқару теориясы кафедрасының
оқытушысы, полиция лейтенанты
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

КОМПЬЮТЕРЛІК ҚЫЛМЫСТАР

Қоғамдағы ғылыми техникалық процестердің жетілуі, ЭЕМ-ның дамуы өмірдің өскелең жемісі, ол, өз кезегінде, ақыл ойдың асқақ жемісі екені айқын. Дегенмен, осы жетістікті басқа мақсатқа бұрып жеке мүдденің әрекетіне айналдыру да өріс алып келеді. Мұнан мемлекет, жеке тұлға зиян шегетіні айтпаса да түсінікті.

ЭЕМ-мен жасалатын қылмыстар — біздің республикамызда да, сондай-ақ, ТМД елдерінде де жаңа ұғым, жаңа құбылыс екені ақиқат. Дегенмен де, ЭЕМ-ді қолданып жасалатын қылмыстар озық дамыған елдерде көптеп кездеседі.

Қазіргі заманғы ғалымдардың пайымдауынша, тарихқа көз жүгіртіп қарасақ, ең алғаш ЭЕМ қолдана отырып салық саласында құқық бұзушылық жасаған Альфонсе Конфессоре саналады. Ол 1969 жылы 620 мың долларды электрондық желілердегі алаяқтық әрекеттерімен иемденгені үшін АҚШ-та сотталған¹. Осындай қылмыс КСРО-да Вильнюс қаласында 1979 жылы орын алып, мемлекетке 80 мың сом көлемінде зиян келтірген.

1984 жылы алғаш рет компьютерлік «вирус» жайлы ақпарат тараған. Кейін 1988 жылы 2 қарашада Роберт Моррис деген азамат желіге өзінің зиянды бағдарламасын жіберген, ол жүйелі қателіктер салдарынан интернет желісіне алғаш вирус түрі «Червь» тараған.

Американдық криминалист Д. Б. Паркердің зерттеуі бойынша: «ЭЕМ-мен жасалатын қылмыстардың пайда болуы компьютерлердің пайда болуымен бір мезгілде шыққан дейді»².

Соңғы кезде көптеген атақты ғалымдар-социологтар мен философтар, саясаттанушылар мен заңгерлер «адамзат компьютер арқылы керемет көмекші ғана емес, сонымен бірге өзіне қарсы тұратын азулы дұшпан да тауып алып отыр» деген пікірді жиі айтады. Бұл пікірдің өзіндік себеп-салдары да бар, өйткені, біріншіден, ЭЕМ арқылы ақша, мүлік қана ұрланып қоймайды, сонымен бірге, үлкен өкінішке орай, ғылыми жаңалықтар, әдеби шығармалар, тіпті, сайлаушылардың дауыстары да ұрланады. Яғни, ЭЕМ қолданылатын барлық салада, барлық жүйеде бұл қылмыстардың жасалу мүмкіндіктері бар.

Ал, екіншіден, бұл қылмыстардың ашылу мәселесіндегі қиындықтар. Ол, біріншіден, ЭЕМ қолданып жасалатын қылмыстардың жасалу тәсілдерінің аса күрделілігімен және ерекше құпиялылығымен, яғни латенттілігімен байланысты. Оған мына себептер әсер етеді — зардап шегуші коммерциялық ұйым, мекеме басшылары өз ұйымдарының беделін ойлап, ол туралы хабар бермейді. Сондай-ақ, 1998 жылға дейін бұл қылмыс құрамын саралайтын қылмыстық-құқықтық негіз болмауының салдарынан тіркеу жүйелерінің толық қалыптаспағандығы да бар.

Әрине, ғылым мен техниканың озық жаңалықтарын жүзеге асыру, адамзат өмірі мен қызметіне қолайлы жағдай жасау, барлық саланы компьютерлендіру — өте қажетті әрі кезек күттірмейтін объективтік процесс. Көпшілікке белгілі Қазақстанда да, ТМД елдерінде де компьютерлендіру процесінің кешеуілдеуіне орай, қылмыстың бұл түріне қарсы әрекеттер де әлі қарқын ала қойған жоқ.

ТМД мемлекеттері және Қазақстан Республикасы ақпараттық кеңістікке 90 жылдары кіре бастаған, бұл кезде, біріншіден, ақпараттық тосқауылдарды алуға көптеген амал-шарттар жасалған, екіншіден, компьютер және оның құрылғыларын сатып алу мүмкіндігі тек қана алғашында мекемелер, кәсіпорындармен ғана емес, ол жеке тұлғаларға да қолжетімді болды. Бүгін компьютерлік бағдарламалар және компьютер құрылғыларының экспорты мен импорты экономиканың қарқынды дамып келе жатқан түрі. Осыдан 15 жыл бұрын ТМД елдерінде компьютер және оның ақпараттық бағдарламасы сирек кездессе, қазір Қазақстан Республикасында ол барлық салаларда кең қолданылады.

Компьютерлік қылмыстардың пайда болуының бірден-бір себебі ақпараттық техникамен жабдықталуы, яғни, барлық мекемелер, кәсіпорындар және заңды тұлғалардың барлығында компьютерлер кең қолданылып, ақпараттық базалар пайда болды. Ғылыми-техникалық прогресс жаңа

технологияларды құрастырды, оның барлығы ақпарат аясында пайда болды. Ол белгілі ақпаратты сақтау, жинау, жіберу бұл операциялардың барлығы электронды түрде жүзеге асырылды. Бұл өзгерістер негізінде жаңа электрондық қоғамдық қатынастар пайда болды, ол ақпаратты тұтыну, демек өз кезегінде экономикалық және қоғамдық дамудың жаңа түріне әкелді. Компьютерлік қылмыстың дамуының тағы бір ерекшелігі ЭЕМ пайдалана отырып белгілі бір пайдаға кеңелу. Бұл кезде ақпарат сатып алу-сату объектісіне айналады.

Ақпараттық технологиялардың дамуының жаңа сатысы компьютерлік желілердің пайда болуы. Телефон желісі, телеграф байланысы көптеген уақыт қолданыста, бірақ ЭЕМ жүйеге қосылуы ақпараттың ұлттық және мемлекетаралық алмасуына жеңіл жол ашты. 1960-шы жылдардың екінші жартысында АҚШ-тың Қорғаныс министрлігінің тапсырысы бойынша ең алғаш жүйе қалыптастырған интернет бастамасы — Arpanet. Кейін жалпы жүйе жаңартылып кеңейе түсті және 1993 жылы компьютерлік жүйеге ТМД елдерінен Ресей қосылып, кейін Қазақстанда қосылды. Қазіргі таңда көптеген компьютерлік қылмыстар жүйелі жүйе Internet желісі арқылы жасалады.

ЭЕМ ақпаратын қорғау, белгілі біл қылмыстық жауаптылыққа әкелуді қажет етті. Жеке тұлғалардың ЭЕМ ақпаратына заңсыз ену оларды талан-тараждаудан қорғау қылмыстық заңнаманың негізгі мақсаты. АҚШ пен Евроодақ елдерінде ЭЕМ-мен жасалатын қоғамға қауіпті әрекеттердің криминализациялануы 1980 жылдардан бастап заңнамалы түрде бекітіле бастады. Ал Қазақстан Республикасында дәл сол ақпаратпен байланысты қоғамдық қауіпті әрекеттердің қылмыс деп танылуы 1997 жылы Қылмыстық кодекстің қабылдануымен байланыстырылады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде «компьютерлік» деген атаумен белгілі алғаш қылмыс құрамы бекітілді: «компьютерлік ақпаратқа заңсыз кіру, ЭЕМ үшін зиянды бағдарламаларды жасау, пайдалану және тарату». Бұл бап бойынша ЭЕМ пайдалану саласындағы екі қылмыс құрамы ажыратылады, яғни «компьютерлік ақпаратқа заңсыз кіру» және «ЭЕМ үшін зиянды бағдарламаларды жасау, пайдалану және тарату»³.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексін әзірлеу барысында ТМД елдерінің үлгі кодекстері жетекшілікке алынғаны белгілі, сондықтан мұнда бұрынғы кеңестік, артынша ресейлік ғалымдардың сәйкес саладағы жетістіктері көптеп ескерілгені айқын, өйткені ондағы қоғамдық қатынастардың барысы сол құбылыстарға дер кезінде назар аударуға мүмкіндік береді (Ю. М. Батулин, А. М. Жодзишский, С. Кочои, В. В. Крылов, Э. Мелик, Д. Савельев, Н. А. Селиванов). Бірақ компьютерлік қылмыстар теорияда авторлармен тұжырымдалса да, тәжірибеде толық жетілмеген. Оның себебі ТМД елдерінде бұл қоғамға қауіпті әрекет жасалмайды емес, жоғары деңгейдегі латенттілігімен ерекшеленеді, оны тіркеу процессуалдық әрекеттер негізінде қиынға соқтыртады.

Ақпарат — қазіргі заман қоғамының негізі болды, қоғам қызметінің мәні мен нәтижесі ал, оны жасау, жинау, сақтау, беру және жетілдіру процесі өз кезегінде оның өндіріс құралдарын жетілдіру (электронды есептеу машинасы, телекоммуникация құралдары және байланыс жүйелері) прогресін тудырды. Жалпы осының барлығы жаңа ақпараттық технология ұғымына кіріп кетеді. Жаңа ақпараттық технология адам қызметінің әртүрлі саласындағы ақпараттық процестерді жүзеге асыру тәсілдері мен құралдарының, яғни, адамның ақпараттық қызметін жүзеге асыру әдістерінің жиынтығы болып табылады.

Қоғамда жүріп жатқан ақпараттық процестердің нәтижесі жаңа әлеуметтік қатынастардың пайда болуы мен қалыптасуы немесе өзгеруі болып табылады. Мысалы, тіпті қазір дайындаумен, берумен және шарттық қатынастар көлемімен байланысты әртүрлі шарттық қатынастарды ғылыми-техникалық құжаттау жөнінде, бағдарламалық жасақтама, деректер базасы және олармен жұмыс жасайтын басқару жүйесін айта кетуге болады. 1974 жылы нарықта шағын және салыстырмалы түрде аса қымбат емес дербес компьютерлердің пайда болуы шексіз тұлғалар шеңберіне, мықты ақпараттық ағымдарға қосылуға мүмкіндік берді.

Электронды есептеу машиналарының бағдарламасы ЭЕМ және басқа компьютерлік құрылғылардың функционалдық түрде жұмыс жасауы үшін, арнайы нәтижеге жеткізетін мәліметтер жиынтығы. ЭЕМ (компьютер) — ақпаратты енгізуге, онымен жұмыс жасауға және шығаруға арналған бірнеше біріктірілген құрылғылар қосындысы құрылғы немесе жүйе.

ЭЕМ желісі — компьютерлер жиынтығы немесе байланыс арналарының не құралдарының әр компьютердің оның орналасқан жеріне қарамастан, есептеу және ақпарат ресурстарын пайдалануға мүмкіндік беретін жиынтығы.

Мәліметтер базасы дегеніміз — ЭЕМ арқылы табылуы және барлануы мүмкін болатындай жүйеленген мәліметтер (мысалы: есептеулер, кестелер) жиынтығының объективті нысанда ұсынылған және ұйымдастырылған түрі⁴.

Зерттеудің негізгі мақсаты болып компьютерді қылмыстық мақсатта қолдануда қылмыстық құқық қатынастарында туындайтын мәселелерді қарау және зерттеу, ЭЕМ-ды қолданып жасалатын қылмыстарды зерттеу. Бұл мақсатқа жету үшін еңбек мына міндеттердің шешілуін қажет етті:

- компьютерлендірудің маңызын ашып көрсету, оның қоғамның экономикалық құқықтық өміріне әсер етуін негіздеу;

- ЭЕМ қолданып жасалатын қылмыстардың әлеуметтік жағдайын теориялық құқықтық негіздеу.

Зерттеудің пәні болып криминологиялық детерминаттар, ЭЕМ-дарды қылмыстық мақсатта қолдану кезінде пайда болатын құқықтық қатынастарды қылмыстық құқықтық саралау болып табылады.

Негізінен бұл қылмыстардың алдын алудың ең негізгі тиімді жолы ретінде — желіге қатысты шек қоюды ұсынуға болады. Бұл орайда, Ішкі істер органдарында IP-адрестерінің иелерін міндетті тәртіппен тіркеуден өткізетін арнайы білім ашу қажет. Әрине, бұндай тәсіл арқылы құқық қорғау органдарының қызметкерлері ЭЕМ-дарды қолданып қылмыс жасайтын тұлғаларды табу, ұстау, қолға түсіруге байланысты мүмкіндіктері едәуір арта түседі. Сондай-ақ, арнайы құқық қорғау органдарының қызметкерлерін даярлайтын жоғары оқу орындарында, арнайы білім орталықтарында бұл қылмыстардың түрлерімен күресуге байланысты курстар немесе зерттейтін орындар ашу қажет.

Жалпы қорыта келгенде автоматтандырылған басқару жүйесі техниканың және экономиканың барлық салаларында қолданады. Әскер, атомдық энергетика объектілері, үздіксіз химиялық өндіріс, әуе қозғалысын басқару жүйесі және қоғамның басқа да салаларында кеңінен қолданылады. Сондықтан осы салаларда бағдарламалық құралдарды жасау, зерттеу, пайдалану тәртібін анықтайтын стандарттар, ережелер, ұсыныстар жасап қауіпсіздікті қамтамасыз ету керек.

-
- ¹ Ляпунов Ю., Максимов В. Ответственность за компьютерные преступления // Законность. — 1997. — № 1. — С. 8; Ресей Федерациясы Қылмыстық кодексі. 13 маусым 1996. // <http://online.zakon.kz>
 - ² Криминалистика: Учебн. для вузов / А. Ф. Волынский, Т. В. Аверьянова, И. Л. Александрова и др. Под ред. проф. А. Ф. Волынского. — М., 1999.
 - ³ Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексіне түсінік: законы и законодательные акты. — Алматы, 2001.
 - ⁴ Аратұлы Қ. Ақпараттық шабуылдар мәселесі // Әділ сот — 2009. — № 3. — С. 16—18; Сеитов Т. Б. Человек — компьютеру — «юзер» или информационные преступления как они есть // Казахстанская полиция. — 2001. — № 4. — С. 7—9; <http://www.nur.kz>; <http://www.crime-research.org/>; <http://www1.fccfbi.gov/>; <https://www.google.kz>